

Оқу ордасының тұңғыш генералы

Ішкі істер органының ардагері, ІІМ-нің құрметті қызметкері, ішкі қызмет генерал-майоры Талап Қабденов ағымдағы жылдың 15 мамырында 70 жасқа толады. Жүріп өткен жолы, артында қалдырған елеулі еңбегі мен жасаған іргелі істерімен көпке үлгі, өскелең ұрпаққа өнеге бола білген мерейтой иесі жайында айтар сөз де, тілер тілек те аз емес.

Талап Қабденов бұрынғы ІІМ Қостанай Заң институты мен КСРО ІІМ Шымкент қаласындағы басшы құрам дайындайтын орта арнайы милиция мектебінің бастығы болған жылдары да талайға шарапаты тиген жан. Оқу ордасын сауатты, білімді профессорлық-оқытушылар құрамымен жасақтап, болашақ офицерлерге мамандықтарына сай білім беру бағытында ерен еңбек еткен генерал-майордың талай жақсылығын көзкөргендер әлі күнге дейін жылылықпен еске алады.

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін дүниеге есігін ашқан Талап Қабденұлының туған жері – бұрынғы Орал облысының Жәнібек ауданына қарасты Жәнібек ауылы.

Орта мектепті 1963 жылы бітірген ол бірден Атырау қаласының мұнай өндіру зауытының цехында оператордың көмекшісі болып жұмыс істейді. Осы жылы Шымкент қалалық Қазақ химиялық-технологиялық институтына оқуға түсіп, жоғары білім алып шығады. Алған білімін тәжірибемен ұштастыру үшін жас маман Шымкенттің химиялық-фармацевтік зауытына жіберіледі. Бұл зауытта қажырлығы мен тиянақтылығымен ерекшеленген ол ауысым бастығы және диспетчер қызметтерінде жұмыс істейді.

Іскерлігінің арқасында Талап Қабденов комсомол жолында да алдыңғы қатардан көріне біледі. 1980 жылы КСРО ІІМ Қарағанды жоғары милиция мектебін сырттай оқып шыққан тыңдаушы болашақ өмірін құқық қорғау саласына арнауды шешеді. Ішкі істер органдарында еңбек еткен 30 жылдың ішінде Талап Қабденов түрлі лауазымдарда, басшылық құрамда абыройлы қызмет атқарады. Қай қызметті қолға алса да адалдығы мен азаматтығынан тайқып кетпеген қазақ жігіті көпке осы табанды мінезімен жаққан еді.

Талап Қабденовтың өмірінде Қостанай қаласы ерекше орын алады. Себебі, ол 1996 жылдың мамыры айында Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай жоғары милиция мектебінің бастығы болып тағайындалады. Бұл оқу орнының тарихында оның есімі де ерекше мәнге ие. Мұның өзіндік себебі бар. 1996 жылдың 8 сәуірінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің №396 қаулысымен ҚР ІІМ Қостанай заң колледжі ІІМ Қостанай жоғары милиция мектебі болып құрылған еді.

Осы күрделі кезеңде Қостанай жоғары милиция мектебін Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, құқықтану доценті, ішкі қызмет генерал-майоры талап Қабденов басқарған болатын. Қызмет еткен жылдары

оқу орнының материалдық-техникалық базасы жасақталып, оқу жүйесі, ғылыми процесі жетілдірілді. Ал, 1996 жылы Ішкі істер министрінің бұйрығымен Қостанай жоғары мектебінің құрамында жаңа кафедралар құрылады. Олардың ішінде әкімшілік, құқық және қоғамдық тәртіп пен күзет, криминология және қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика, жедел іздестіру қызметі секілді кафедралар болды. Қостанай жоғары милиция мектебінің базасын нығайтуды қолға алған Талап Қабденұлы осы жылы ескі әуежайда отырған оқу орнын Қостанай құрылыс техникумының оқу ғимаратына ауыстыруға күш салады.

Оқу орнын орналастырып, жабдықтауға Қостанай облысының басшылары да белсене қатысады. Олардың алдыңғы қатарында аудан әкімдері, облыстағы жоғары оқу орнының басшылары, шенеуніктер, қатардағы қостанайлықтар да бар еді. Бұрынғы құрылыс техникумының оқу кабинеттері қайта жабдықталып, жалпы және арнайы кітапхана үшін арнайы бөлмелер бөлінеді. Сондай-ақ, спорт кешені, жатақханалар, монша-кір жуатын кешен, алаң, тыңдаушылар үшін 800 орындық асхана мен басқа да оқу орнының маңызды объектілері бой көтереді.

1997 жылы ІМ Қостанай жоғары мектебінің тарихында екі ірі елеулі оқиға болады. Біріншісі, 1997 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген ІМ Қостанай жоғары мектебіне оқу орнының Туы салтанатты түрде табыс етілді. Ал, осы жылдың 16 шілдесінде ІМ Қостанай жоғары мектебіне ел Президенті арнайы келіп, Нұрсұлтан Әбішұлы елдегі ішкі істер органдары үшін жоғары білікті мамандарды сапалы дайындау бағытындағы педагогикалық ұжымның жұмысына жоғары баға берген еді.

1998 жылдың 20 сәуірінде Үкіметтің №348 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындары жөнінде» қаулысымен ҚР ІМ Қостанай жоғары милиция мектебі Қазақстан Республикасының ІМ Қостанай Заң институтына ауыстырылады. Дәл осы жылы Талап Қабденов ішкі қызмет генерал-майоры атағын иеленеді. Бұл оқу ордасының тарихындағы тұңғыш генералы ретінде де құнды әрі абыройлы атақ еді.

ІМ Қостанай жоғары мектебінде төрт жыл ауқымды құрылыс жұмыстарын орындаумен қатар оқу-әдістемелік және ғылыми – зерттеу жұмыстарына, ведомстволық білім беру жүйесінде болашақ қызметкерлерге сапалы білім мен кәсіби маман ретінде шыңдауларына ерекше көңіл бөлген. Талап қабденұлын 70 жас мерейтойымен құттықтай отырып, ел азаматтарының жүрекжарды тілектерін жолдауларын жөн көрдік.

**ІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы**

Құрметті Талап Қабденұлы!

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің атынан Сізді 70 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіз ішкі істер органдарындағы қызметте тәрбие жұмысы жөніндегі инспектордан Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі академиясының бастығы лауазымына дейін жоғарыладыңыз.

Шымкент қалалық ішкі істер басқармасы кадр аппаратының бастығы, Шымкент орта арнаулы басшы кадрларын даярлайтын милиция мектебі бастығының орынбасары, бастығы лауазымдарында істей жүріп, Сіз болашағы зор басшы ретінде танылдыңыз. Сіздің белсене атсалысуыңызбен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай жоғары мектебі ашылды. Осы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық оқу орнына арнайы келген Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұжымның жұмысын жоғары бағалап: «Қостанайдағы тұңғыш Жоғары милиция мектебіне, оның шәкірттеріне Отанына адал қызмет етуін тілеймін!» – дейтін тарихи жазба қалдыруы маңызы зор оқиға болды.

Терең білімділік, қызметке адалдық, айналасындағыларға деген шынайы қамқорлық секілді асыл қасиеттеріңіз қызметкерлер арасында өзіңізге деген жүрекжарды алғыс пен құрмет сезімдерін туғызды. Сізге Отан алдындағы адал еңбегіңіз үшін ішкі қызмет генерал-майоры және құқықтану доценті сынды жоғары атақтар берілді. Сонымен қатар, ерен еңбегіңіз үшін көптеген медальдармен, «ҚР ІІМ еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағымен марапатталдыңыз.

Сіз Ішкі істер органдарындағы қызметтен құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін де, мемлекеттік қызметтен қол үзбей, басшылық лауазымдарда табысты еңбек етіп, еліміздің өсіп-өркендеуі жолында аянбай тер төгіп келесіз.

Қадірлі Талап Қабденұлы! Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімнен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілеймін! Еліміздің өсіп-көркейе түсуі жолында атқарып жүрген қызметіңізде бұдан былай да абырой биігінен көріне беруіңізге тілектеспін!

Құрметпен,
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі,
полиция генерал-лейтенанты
Қалмұханбет ҚАСЫМОВ

Құрметті Талап Қабденұлы!

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 70 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Еліміздегі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам мен мемлекеттің мүддесіне қылмыстық және өзге де заңға қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесуде білікті мамандар дайындау саласына ерен еңбек сіңірген Сіздің 70 жасқа толған мерейтойыңыз - ведомстволық білім беру ұйымдарының да мерекесі.

Сіздің тікелей атсалысуыңызбен Қостанай қаласында ашылған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай жоғары мектебі бүгінде тамырын тереңге тартқан, өзіндік дәстүрі бар ведомстволық жоғары оқу орнына айналып үлгерді. Одан түлеп ұшқан мыңдаған білікті мамандар осы жылдар ішінде отандық құқық қорғау саласына зор үлес қосып келеді. Еліміздің ішкі істер органдары саласында абыройлы қызмет атқарып жүрген көптеген кәсіби мамандар Сізді өздерінің ұлағатты ұстазы санайды. Олардың арасында айрықша көзге түскен майталман мамандар – заң саласының қызметкерлері де аз емес.

Қадірлі Талап Қабденұлы! Мерейтойыңызға орай айтылған осы жылы лебіздерді қабыл алыңыз! Сізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақыт пен береке, бұдан әрі де мемлекетіміздің игілігіне еңбек ету үшін шығармашылық табыстар тілеймін! Шығар шыңдарыңыз әрқашанда биік болғай!

Қостанай облысының әкімі
Нұралы Садуақасов

Құрметті Талап Қабденұлы!

Сізді Қостанай облыстық ІІД ұжымы атынан 70 жасқа толған мерей тойыңызбен шын жүректен құттықтаймын.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі басшыларының шешімімен Қостанай қаласындағы орта арнайы милиция мектебін басқардыңыз. Қажырлы еңбегіңіздің және азарту мекемесінің болашағын дәл болжай білетін тәжірибеңіздің арқасында Қостанай орта арнайы милиция мектебін 1996 – 2000 жылдары Заң институты дәрежесіне көтеріп, оны заманауи ғимараттармен, жарық әрі кең аудиториялармен, жеткілікті оқыту әдістемеліктері және зерттеу лабораторияларымен, материалдық–техникалық жабдықтау мәселесін, жас буынды лайықты маман етіп даярлауға қабілетті білікті ұстаздармен жасақтау ісін алғырлықпен атқардыңыз.

Өзіңіздің басшылығыңызбен сол кездері атқарылған игілікті бастамаңыз еліміздің әлеуетін, экономикалық тұрақтылығын, халық тыныштығын қорғайтын ішкі істер органдарының сауатты мамандарымен жыл сайын толықтырып отыруға бағытталған Елбасының көреген саясатын іске асыруда алар орыны ерекше.

Көп жылдар бойы атқарылған адал еңбек Заң институтын Академия санатына дейін көтерді. Өзіңіздің тікелей қол астыңызда тәрбие алған және Институт қабырғасынан ұшқан түлектеріңіз ұлан байтақ Отанымыздың әр түкпірінде өз міндеттерін абыроймен атқаруда.

Сізге және бүткіл әулетіңізге жапырағы жайылған бәйтеректің алыптығын, немерелеріңіздің қуаныштарын қызықтау тойларыңыз көбейе түсуіне тілектеспін.

Еңбек тәжірибеңіз және сарқылмас білім тұңғиығыңыздан сусар тәлімгерлер қатарының арта түсеріне және олардың Қазақстан Республикасының Мәңгілік ел–ұлы бағдарына игілікті еңбек етеріне сенімім мол.

*Құрметпен
Қостанай облыстық
ІІД бастығы,
полиция генерал-майоры
Тілеген Маткенов*

Құрметті Талап Қабденұлы!

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының профессорлық-оқытушылық құрамының және өзімнің атымнан Сізді 70 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Оқу орнының қалыптасуы мен дамуына, Академияның қазіргі деңгейіне көтерілуіне қосқан зор үлесіңіз үшін алғыс сезімімізді білдіреміз және өзіңіз негізін қалаған осы оқу орнының беделін одан әрі нығайта түсуді өзімізге абыройлы міндет деп білеміз.

Қадірлі Талап Қабденұлы!

Сізді айналаңыздағылар өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға ретінде таниды. Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық қасиеттер Сізді әрқашан абырой биігінен көрсете білді, сонымен қатар аса жауапты лауазымдарда мүлтіксіз қызмет атқаруыңызға өз септігін тигізіп келеді.

Сіздің қамқор да талапшыл басшы ретіндегі абзал қасиеттеріңіз отбасыңыз бен жақын туыстарыңыз үшін ғана емес, сондай-ақ өзіңізбен қанаттас әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, ал жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз. Қоғам игілігіне бағытталған осындай игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта берсін!

Еліміздің ішкі істер органдарына қажетті білікті мамандар даярлаудағы қажырлы қызметіңіз бен білім беру саласын дамытуға сіңірген еңбегіңіз үшін Сізге жүрекжарды алғысымызды білдіре отырып, бүгінгі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Елімізге тыныштық, жерімізге береке, отбасыңызға амандық, деніңізге саулық тілейміз!

Игі тілекпен,
ІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының бастығы
полиция полковнигі Мирлан Қызылов